

Тақырыптық-күнтізбелік жоспарлардың бекітілуі туралы

АНЫҚТАМА

Тексеру күні 09 қыркүйек 2025 жыл

Тексеру мақсаты: тақырыптық-күнтізбелік жоспарлардың мемлекеттік стандарт бағдарламасы талаптарына, оқу жұмыс бағдарламасына сәйкестігін анықтау.

Тексеру критерийлері:

- Тақырыптық-күнтізбелік жоспарлардың бар болуы, әдістемелік бірлестік отырысында қаралып, оқу ісі орынбасарымен келісіліп, мектеп басшысымен бекітілуі.
- Түсінік хаттың дұрыс рәсімделуі.
- Білім стандарты талаптары мен оқу бағдарламасына сәйкестігі.

Педагогикалық кеңесте 2025-2026 оқу жылының ерекшеліктері тақырыбында сұрақ қаралып, барлық педагогикалық қызметкерлер жаңа оқу жылының нормативтік құқықтық актілерімен танысты. Білім беру ұйымының негізгі құжаттарының бірі тақырыптық-күнтізбелік жоспарларды оқу жылына толық бекіту. Тексеріске барлық педагогикалық қызметкерлер алынды. Кейбір пән мұғалімдерінің жоспарларында әдістемелік отырыс қаралауына ескерту беріліп, түзету жасалды.


Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларда барлық пән мұғалімдерде түсінік хат бар, мазмұнында КТЖ жасалған нормативтік актілері, пәннің оқыту мақсаттары, сағат саны, міндеттері мен пән мазмұны туралы жазылған.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлардың білім стандарты мен оқу бағдарламасына сәйкестігі. Мектеп бойынша мұғалімдердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің тандау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылдың 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы мен және 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқау хат негізінде жасалды.

Қорытынды: Мектеп бойынша тақырыптық-күнтізбелік бірыңғай жоспарлар бекітілген. КТЖ білім стандарты талаптары мен оқу бағдарламалары негізінде жасалып, бекітілген.

Ұсыныс:

- Барлық пән мұғалімдері Bilimclass электронды журналын қатаң тақырыптық-күнтізбелік негізінде тоқсан басында тоқсанға бірден толық еңгізіп отырсын;
- Күнделікті оқу сабақтары қатаң тақырыптық-күнтізбелік жоспарға сәйкес өткізілсін;

Оқу ісі орынбасары  Г.М.Джалгасов

АНЫҚТАМА

Бастауыш сынып мұғалімдерінің қысқа мерзімді жоспарларын тексеру қорытындысы бойынша

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес бастауыш сынып мұғалімдерінің қысқа мерзімді жоспарларының (ҚМЖ) сапасы мен талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізілді.

Тексеру барысында ҚМЖ-лардың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарына сәйкестігі, оқу мақсаттарының дұрыс қойылуы, сабақ мақсаттарының нақтылығы, бағалау критерийлері мен дескрипторлардың оқу мақсаттарымен сәйкестігі, саралау тәсілдерінің қолданылуы, сабақ кезеңдерінің тиімді жоспарлануы қарастырылды.

Нәтижесінде бастауыш сынып мұғалімдерінің басым көпшілігінің қысқа мерзімді жоспарлары талапқа сай әзірленгені анықталды. Жоспарларда оқу мақсаттары оқу бағдарламасына сәйкес таңдалған, сабақ мақсаттары нақты қойылған, тапсырмалар білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған.

Сонымен қатар жекелеген мұғалімдердің жоспарларында:


- саралау тәсілдерін нақтылау;
- бағалау критерийлері мен дескрипторларды жетілдіру;
- рефлексия кезеңіне арналған тапсырмаларды түрлендіру;
- цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану бағытында толықтырулар енгізу қажеттілігі байқалды.

Қорытынды:

Бастауыш сынып мұғалімдерінің қысқа мерзімді жоспарлары жалпы алғанда әдістемелік талаптарға сәйкес келеді және оқу үдерісін сапалы ұйымдастыруға бағытталған.

Ұсыныстар:

1. Қысқа мерзімді жоспарларда саралау тәсілдерін жүйелі түрде қолдану.
2. Бағалау критерийлері мен дескрипторлардың оқу мақсаттарына сәйкестігін тұрақты бақылау.
3. Сабақтың практикалық және зерттеушілік бағыттағы тапсырмаларын көбейту.
4. Тәжірибе алмасу мақсатында үздік ҚМЖ үлгілерін әдістемелік отырыстарда қарастыру.
5. Цифрлық ресурстарды пайдалану арқылы сабақтардың тиімділігін арттыру.

Басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары:  Г.М.Джалгасов

Мерзімі: 30 наурыз 2026 жыл

Пән мұғалімдерінің қысқа мерзімді жоспарларын тексеру қорытындысы бойынша

Мектептің ішкі бақылау жоспарына сәйкес пән мұғалімдерінің қысқа мерзімді жоспарларының (ҚМЖ) сапасын анықтау, олардың нормативтік талаптарға сәйкестігін зерделеу және оқу үдерісін ұйымдастыру деңгейін бағалау мақсатында тексеру жүргізілді.

Тексеру барысында мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарлары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттары мен үлгілік оқу бағдарламалары негізінде қарастырылды. Атап айтқанда, оқу мақсаттарының оқу бағдарламасына сәйкестігі, сабақ мақсаттарының нақтылығы, бағалау критерийлері мен дескрипторлардың дұрыс құрылуы, саралау тәсілдерінің қолданылуы, сабақ кезеңдерінің жүйелілігі, оқыту әдістері мен ресурстардың тиімді таңдалуы және қауіпсіздік талаптарының ескерілуі талданды.

Тексеру нәтижесінде пән мұғалімдерінің басым көпшілігі қысқа мерзімді жоспарларды белгіленген талаптарға сәйкес әзірлейтіні анықталды. ҚМЖ құрылымында оқу мақсаттары нақты көрсетілген, сабақ мақсаттары оқу мақсаттарымен үйлестірілген. Сабақ барысында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, зерттеу дағдыларын қалыптастыруға және пәндік құзыреттіліктерін жетілдіруге бағытталған тапсырмалар қамтылған.

Көптеген мұғалімдердің жоспарларында белсенді оқыту әдістері, топтық және жұптық жұмыс түрлері, қалыптастырушы бағалау тапсырмалары тиімді енгізілген. Сонымен қатар цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану, білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып саралау жұмыстарын ұйымдастыру тәжірибесі байқалды.

Сонымен бірге тексеру барысында кейбір қысқа мерзімді жоспарларда төмендегідей кемшіліктер кездесті:

- сабақ мақсаттарының оқу мақсаттарымен толық сәйкестендірілмеуі;
- бағалау критерийлері мен дескрипторлардың нақты тұжырымдалмауы;
- саралау тәсілдерінің жалпы сипатта берілуі;
- сабақтың рефлексия кезеңінің жеткілікті деңгейде жоспарланбауы;
- пән ерекшелігіне сәйкес практикалық және зерттеушілік тапсырмалардың аз қамтылуы;
- цифрлық ресурстарды қолдану мүмкіндіктерінің толық пайдаланылмауы.

Жекелеген мұғалімдерде қысқа мерзімді жоспарлардың мазмұны талапқа сай болғанымен, жоспарлау барысында сабақтың күтілетін нәтижелерін нақтылау және бағалау құралдарын жетілдіру қажеттілігі анықталды.

Қорытынды

Пән мұғалімдерінің қысқа мерзімді жоспарлары жалпы алғанда мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес келеді. Мұғалімдер оқу бағдарламасының мазмұнын жүйелі жоспарлап, сабақтарды ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін қолдануда. Қысқа мерзімді жоспарлардың сапасы оқу үдерісін нәтижелі ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Дегенмен жоспарлау мәдениетін жетілдіру және бағалау құралдарының сапасын арттыру бағытында әдістемелік жұмыстарды жалғастыру қажет.

Ұсыныстар

1. Қысқа мерзімді жоспарларды әзірлеу барысында оқу мақсаттары мен сабақ мақсаттарының өзара байланысын күшейту.

2. Бағалау критерийлері мен дескрипторларды құрастыру сапасын арттыру бойынша әдістемелік қолдау көрсету.
3. Саралау тәсілдерін білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес нақты жоспарлау.
4. Сабақтардың практикалық, зерттеушілік және шығармашылық бағыттағы тапсырмаларын көбейту.
5. Қалыптастырушы бағалау әдістерін жүйелі қолдану арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін бақылауды жетілдіру.
6. Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану тәжірибесін кеңейту.
7. Әдістемелік бірлестік отырыстарында тиімді ҚМЖ үлгілерін талқылап, тәжірибе алмасу жұмыстарын ұйымдастыру.
8. Қысқа мерзімді жоспарлардың сапасына тұрақты мониторинг жүргізіп, анықталған кемшіліктер бойынша жеке консультациялар өткізу.

Басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары м.а.  Г.М.Джалгасов